

Мұндай бағдарламаларға «компьютерлік вирустар», «кұрттар», «трояндықтар», «бомба-бағдарламалар». «Трояндық-бағдарламалардың» мысалы ретінде антивирус-бағдарламалар, «ехе» галереясы бар фото және бейне галереялар табылады «bat», «com» файлдарымен және т.б.

Жаңа Қазақстандық қылмыстық заңнамаға бұрын белгісіз болған бірқатар құқық бұзушылықтар құрамы кіреді, олардың ішінде компьютерлік ақпаратты қорғауға бағытталған нормалар бар. Дәл осы компьютерлік ақпаратты пайдалануға байланысты зиян келтіргені үшін қылмыстық жауапкершілікті белгілеу қажеттілігі қызметтің көптеген салаларында осы ақпараттың өсіп келе жатқан мәнінен және кеңінен қолданылуынан және сонымен қатар, қағазда тіркелген және сейфте сақталатын ақпаратпен салыстырғанда компьютерлік ақпараттың осалдығының жоғарылауынан туындайды.

Әдебиеттер тізімі:

1. Хакеры угрожают Казахстану. – <http://www.crime-research.org.kz>.
2. Проблемы борьбы с компьютерной преступностью // Борьба с преступностью за рубежом (по материалам зарубежной печати): Ежем. информ. бюл. ВИНТИ. – М., 2006. – № 4. – С. 3-5.
3. Соглашение «О сотрудничестве государств-участников Содружества Независимых государств в борьбе с преступлениями в сфере компьютерной информации» от 01 июня 2001 года. – <http://www.bestpravo.ru>.
4. Крылов В.Б. Информационные компьютерные преступления. – М.: ИНФРА-М-НОРМА, 2007. – 274 с.
5. Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан / Под ред. Борчашвили И.Ш.– А., 2007. – 692 с.
6. Курушин В.Д., Шопин А.В. Предупреждение и раскрытие преступлений, совершаемых с использованием компьютерной техники. – М., 2004. – 249 с.
7. Закон Республики Казахстан № 217-III «Об информатизации» от 11 января 2007 года // Сайт законодательства РК. – <http://www.zakon.kz>.
8. Гульбин Ю. Преступления в сфере компьютерной информации // Российская юстиция. – 2007. – № 10. – С. 25.
9. Ляпунов Ю., Максимов В. Ответственность за компьютерные преступления // Законность. – 2006. – № 1. – С. 14.

ПЕНИТЕНЦИАРЛЫҚ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Османова Г.Ж., құқық магистрі, аға оқытушы, Абай атындағы ҚазҰПУ, «Туран» университетінің докторанты, Алматы қ.

Бижанова А.Р., з.ғ.д., қауымдастырылған профессор м.а., Абай атындағы ҚазҰПУ, Алматы қ.

Пенитенциарлық қылмыстылық – бұл бүгінгі күні пенитенциарлық жүйедегі өзекті проблемалардың бірі. Қылмысы үшін бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеушілердің атқару мекемесі жағдайында жүріп те қылмыстық белсенділіктерін жалғастырып жатқаны отандық атқару жүйесінің тұтастай тиімсіздігі жайлы ойландырады. Оның үстіне пенитенциарлық қылмыстылық өте күрделі әлеуметтік-құқықтық құбылыс екендігі де мәлім. Бұл қылмыс күллі қылмыстық-атқару жүйесінің, тиісті мекеменің тәртібі мен режимінің беделіне нұсан келтіруімен де қауіпті саналады. Мұнда, пенитенциарлық қылмыстылық рецидивті қылмыстылықтың құрамдас бөлігі

екендігін де атап кеткен жөн. Себебі, сотталған адамның атқару мекемесінде болуының өзі тұлғаның қылмыстық белсенділігін айқындайды [1].

Теорияда пенитенциарлық қылмыстылық, әдетте, екі аспектіде қарастырылады. Тар мағынада пенитенциарлық қылмыстылық сөзі, арнайы контингенттердің түзеу мекемелерінде жасайтын қылмыстарының жиынтығын білдіреді. Мысалы, мұндай тәсілді біз атақты қазақстандық ғалым Р.Е. Жансараеваның еңбектерінен байқаймыз. Оның ойынша, түзеу мекемелеріндегі қылмыстылық (пенитенциарлық):

- түзеу мекемелерінің қалыпты қызмет атқаруына кедергі келтіре отырып, түзеу-тәрбиелеу процесіне бұзумен;

- көбінесе басым агрессивтік-күштеу сипатына ие, ал еркін жағдайда пайдакүнемдік бағыттағы қылмыс сипатында болумен;

- қылмыскер деп танылған адамдармен жасалған қылмыстардан тұруымен;

- зерттеп отырған қылмыстардың құрамында, сот төрелігі мен жазаны орындау тәртібіне қарсы қылмыстардың үлкен үлесті алуымен;

- жабық бір жынысты ұжымға енгізілген, бостандықтарынан айырылғандардың өмірінің өзіндік шарттарының туындауынан, алайда бұл пенитенциарлық қылмыстарды бостандық жағдайындағы сияқты факторлармен анықтауды жоққа шығармайды деген сипаттамалардан тұрады [2, 7-8 бб.].

Келесі, қазақстандық ғалым К.Ж. Балтабаевтың ойынша, пенитенциарлық қылмыстылық – бұл пенитенциарлық мекемелердегі, бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылық [3, 18 б.].

Орыс ғалымы К.К. Горяинова болса, пенитенциарлық қылмыстылықты «тек бас бостандықтан айыру түріндегі жазаны өтеу орындарында ғана емес, сонымен қатар қамауда ұстағанда (тергеу изоляторында) өмірдегі жағдайларға орай оның ішінде не сыртында жасалынатын, қылмыстық жазаланатын әрекеттер мен терісқылықтардың жиынтығынан тұратын объективті әлеуметтік жағымсыз құбылыстар деп түсіндіреді» [4]. Осы тектес түсінікті М.К. Гайдай мен Ю.Р. Герасимованың ғылыми еңбегінен кездестіре аламыз [5].

Ресейлік «Криминология» оқулықтарының бірқатарында «Бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылық» бөлімінің қарастырылу жағдайы біздің пікірімізді нақтылай түседі, ал криминология бойынша қазақстандық оқулықтарда бұл бөлім «Пенитенциарлық қылмыстылық» деп аталады.

Ресей ғалымы О.В. Старковтың пікірінше, пенитенциарлық қылмыстылық - бұл жалпы әлеуметтік, регрессивтік, жеке емес, қоғамдық өмір мен сананың қарама-қайшылықтарын тудыратын, қылмыстық жазаларды орындау саласында және қайталанып жатқан қылмыстар арасында пайда болатын, сонымен қатар қоғам өмірінің сол саласында қарама-қайшылықтарды тудыратын құбылыс деп тану қажет [6, 63 б.].

«Пенитенциарлық қылмыстылық» ұғымын девиантологиялық, әлеуметтік, криминологиялық және қылмыстық-құқықтық еңбектерден кездестіруге болады, бірақ та қылмыстық заң нормаларынан емес. Сәйкесінше, кейбір ғалымдар (В.С. Ишигеев, пен И.П. Парфиненко) пенитенциарлық қылмыстарды арнайы топқа жатқызып, қылмыстық кодекске енгізуді ұсынады.

Байқап отырғанымыздай, ғылымда аталған қылмыстылық ұғымына қатысты бірнеше вариант үлгіде анықтамаларды кезестіреміз, түбегейлі шешімі жоқ, дегенмен де пенитенциарлық қылмыстылық ұғымының нақтылықты талап етері анық.

Біздің ойымызша пенитенциарлық қылмыстылықты біршама кең тұрғыда қарастыру керек. Пенитенциарлық қылмыстылықты құрайтын қылмыстардың жиынтығына тек бас бостандығынан айыру орындарында жасалатын қылмыстарды ғана емес, сонымен қатар бас бостандығынан айырумен байланысты емес өзге де жаза түрлері (ҚР ҚК 40-бап) тағайындалған, сондай-ақ жазасын шартты түрде өтеп жүріп жасалатын қылмыстарды да қосқанымыз жөн еді. Пенитенциарлық қылмыстылықты түсінудегі мұндай көзқарас,

барлық құқық қорғау органдары мен бүкіл қоғамның қылмыстың осы түріне профилактикалық әсер ету аясын кеңейтуге мүмкіндік береді.

Криминологиялық ғылымның бүкіл даму тарихында пенитенциарлық қылмыстылықты зерттей отырып, оның спецификасы, сандық және сапалық сипаттамалары, қылмыстылықтың өзге түрлерінен айырмашылығы белгіленді және ол барлық қылмыс құрамдарынан бөлініп, жеке элемент ретінде қарастырылатын болды [7, 85 б.].

Атақты ғалым Г.Ф. Хохряков сотталғандар жасайтын қылмыстардың тізімінің санаулы екенін алға тартады, шамамен сегіз құрамды құрайды: кісі өлтіру, ұрлық, тонау, қарақшылық, дене жарақатын келтіру, бұзақылық және т.б. Зорлық-зомбылық қылмыстарының бірқатарын - үштен бірін себебі жоқ қылмыстар деп атайды, яғни тергеушілер де, ғылыми қызметкерлер де осындай қылмыстардың себебін анықтауда қиындыққа тап болады [8, 296 б.].

Республикамыздың қауіпсіздік мекемесіндегі қылмыстардың жағдайы туралы мәліметтеріне сәйкес, ҚР түзеу мекемелеріндегі жауапкершілікке тартылған азаматтарға қатысты қылмыстық істердің басым бөлігін, ТМ әкімшілігінің бастамасымен қозғалған қылмыстық істер құрайды:

- ҚР ҚК 428-бап (қылмыстық атқару мекемесі әкімшілігінің заңды талаптарына бағынбау) – қылмыстардың негізгі үлесін құрайды;

- ҚР ҚК 297-бабы бойынша (есірткі, психотроптық заттарды, сол тектестерді өткізу мақсатында заңсыз дайындау, қайта өңдеу, иемдену, сақтау, тасымалдау, жөнелту не өткізу);

- ҚР ҚК 429-бабы бойынша (қоғамнан оқшаулауды қамтамасыз ететін мекеменің қызметкеріне не оның жақындарына, сондай-ақ сотталған адамға қатысты күш қолдану қатерін төндіру немесе олардың денсаулығына немесе өміріне қол сұғу).

Бас бостандығынан айыру орындарында сотталушылармен ҚР ҚК 426- бап қарастырылған қылмыстар жасалады (бас бостандығынан айыру орындарынан, қамақтан немесе күзеттен қашу).

ҚР ҚК 99-бабы (адам өлтіру), ҚР ҚК 106-бабы бойынша (денсаулыққа қасақана ауыр зиян келтіру), ҚР ҚК 293-бабы бойынша (бұзақылық), ҚР ҚК 380-бабы бойынша (билік өкіліне қатысты күш қолдану) қылмыстық істердің қозғалған жағдайлары да кездеседі [9].

Өзінің мәніне қарай пенитенциарлық қылмыстылықтың себептері мен шарттары жалпы қылмыстылықпен сипаттас.

Сотталғандарға тән жоғары эмоционалдылық, тұлғалардың және топтардың арасындағы шиеленістер, не тұрақты түрде ашуланшақтық бас бостандығынан айыру орындарындағы қылмыстылықтың туындауына септігін тигізе алады. Оны сотталғандардың шектелген аумақта (бір камерада) ұзақ уақыт болуы, мінез-құлықтарының сай келмеуімен де түсіндіре аламыз.

Негізінде қылмыстық-атқару мекемесіне түскен сәттен бастап-ақ қылмыскердің жеке басының қалыптасуына қылмыстық орта ықпал ете бастайды. Түрмедегі субмәдениеттің, ішкі ереженің ерекшеліктерін сотталушы алғаш келгенде бірден қабылдай бермейді, дегенмен де уақыт өте олардың басым бөлігі мұны мойындайды.

Бас бостандығынан айыру орындарында сотталғандардың пенитенциарлық виктимизациялану факторы әкімшіліктің ұйымдастырушылық-басқару қызметтеріндегі, сотталғандардың еңбегін пайдалану және сотталғандардың виктимділік жағдайын тудыратын қадағалаудағы кемшіліктермен байланысты. Оларға мыналарды жатқыза аламыз:

- қылмыстық-атқару жүйесіне кадрларды тартудағы кемшіліктер;
- қылмыстық-атқару мекемелеріне қызметкерлерді дайындау деңгейінің төмендігі;
- сотталғандарды жұмысқа тартумен байланысты әкімшілік шараларын ұйымдастырудағы қайшылықтар;
- мекемеде тәртіптің бұзылуы мен қылмыстық құқық бұзушылықтардың орын алуы;

- қылмыстық-атқару мекемесіндегі әлеуметтік-психологиялық жағдайлар.

Ал енді кадрларды іріктеуге келетін болсақ, қазірде қылмыстық-атқару мекеме қызметкерлері тарапынан лауазымдық өкілеттілікті асыра пайдалану фактілері жиі орын алып отырады.

Әсіресе, изоляциялау жағдайында келесідей топтағы *факторлар* сотталғандардың *қылмысқа баруына итермелейді*: 1) есі дұрыстықты жоққа шығармайтын психикалық ауытқушылық сотталған адамның өз іс-әрекеттерін қадағалауы қабілетін төмендетеді; 2) белгілі жас тобына жатуы, әдетте, қылмысы үшін сотталғандардың орташа жасы – 25-ті құрайды, яғни бір жағынан олардың өмірлік тәжірибесі бар; 3) сотталғандардың білім деңгейінің төмендігі және, сәйкесінше қажеттіліктерінің қарапайым болуы; 4) сотталғандардың экстрималды жағдайларда өз-өздерін ұстай алмауы; 5) өзгелерге тәуелді болуы себепті мүмкіндігінше жазаны орындаудан жалтаруға ұмтылып тұрады; 6) тұйықтығы, жиі ойға шомып кету салдарынан өз-өздерін бағалауға бейім келеді; 7) сотталғандарға тән мазасыздық, барынша сақтық, сайып келгенде невротикалық немесе психикалық ауру тудырады; 8) менмендік, қыңырлық, ал аса қауіпті қылмыскерлерде - өзін бақылай алу және ұйымдастырушылық қабілеттері тұлғаның көшбасшы ретінде қалыптасуына, сондай-ақ оқшаулану жағдайында ауыр қылмысқа мүқият дайындалуына ықпал етеді [10].

Ал енді осы пенитенциарлық қылмыстылықпен күресудің амалдарына келсек, онда Қазақстан Республикасы Президентінің алдыңғы құқықтық саясат тұжырымдамасында қылмыстық-атқару саласында пенитенциарлық қылмыстылықты ескертуді күшейту бойынша бірқатар шаралар қарастырылған болатын:

1. Қоғамнан оқшаулауға байланысты емес, қылмыстық-құқықтық шараларды қолдану аясын кеңейту арқылы, қылмыстық әділет саласына азаматтарды тартуды азайту. Яғни бұл жерде әңгіме соттардың бас бостандығынан айыруға балама шараларды неғұрлым кеңінен қолдану туралы айтылып отыр.

2. Жазалау жағы басым болып отырған бас бостандығынан айырудың тәрбиелік жағын күшейту.

3. Жазаларды орындауды даралау принципі негізінде сотталғандарды ұстауды, оларға түзеу-тәрбиелік ықпал етудің түрлері мен әдістерін одан әрі дамытуды қамтамасыз ету.

4. Бас бостандығынан айырылғандарды қоғамдық пайдалы еңбекке тарту, нақты мамандықтар бойынша немесе жалпы білім беру бағдарламалары бойынша оқыту, әлеуметтік белсенді қызметтің өзге де пайдалы түрлерін енгізу арқылы сотталғандарды жұмыспен қамту мәселесін шешу.

5. Қылмыстық атқару жүйесі мекемелеріндегі тәртіпті сақтауға қойылатын жоғары талаптарды сақтаумен және қамтамасыз етумен қатар, қылмыстық жазаларды орындау процесін психологиялық-педагогикалық қамтамасыз етуді күшейту.

6. Қылмыстық атқару жүйесі персоналының мәртебесін арттыру және оларды әлеуметтік-құқықтық қорғау, сотталған адамдарға медициналық қызмет көрсетудің сапасын

арттыру.

7. Түзеу мекемелерінің қызметіне қоғамдық бақылаудың тиімді механизмін бекіту.

8. Бас бостандығынан айыру түріндегі жазасын өтеп жатқан адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын, олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Сотталған адамдарды ұстаудың камералық тәртібіне біртіндеп көшу.

9. Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған азаматтарды толыққанды қоғам мүшесі ретінде әлеуметке қосу аясындағы тұтас мемлекеттік саясатты қамтамасыз ету.

10. Қылмыстық-атқару жүйесінің қызметінде халықаралық стандарттарды қамтамасыз ету [11].

Көріп отырғанымыздай Тұжырымдамада белгіленген басымдықтар жалпылама және атап айтқанда, бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны орындауды ұйымдастыру

мәселелерінде профилактикалық бағытты күшейтудің жалпы идеясымен ұштасқан. Бұл анықтама қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының жұмысын, тұтастай алғанда, сондай-ақ пенитенциарлық қылмыстылықтың алдын алу сияқты маңызды жұмыс бөлігін бағалауда қолданылады.

Ал Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасында мемлекетте қоғамдық тәртіпті сақтау мәселесінде қылмыстық-атқару жүйесіндегі қайта әлеуметтендірудің маңыздылығы қарастырылған. Онда: Бүгінгі таңда бұл институт жекелеген жағдайларда заңда белгіленген көмек: медициналық, білім беру, кәсіпті меңгеру, жеңілдіктер мен әлеуметтік төлемдер алу түрлерінің көрсетілмеуіне байланысты проблемалардың болуымен сипатталады, делінеді [12].

Жаза тағайындау мәселелері жөніндегі жұмысты жетілдіру қажеттігі туралы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында басты назар аударды. Онда біздің жүйемізде жазалау айыппұлдары 5%-дан аз, түзеу жұмыстары – 0,4%, қоғамдық жұмыстар 0% - ды құрайтыны айтылды. Жазаның негізгі түрі - бас бостандығынан айыру болып табылады.

Ешкім қамау орындарынан босағандарды оңалтумен айналыспайды. Нәтижесінде олар қылмыскерлер санын көбейтуде [13].

Бірақ тек қылмыстық жазаны, не өзге шараларды қолданып қою әрдайым сотталған адамдарға тиісінше тәрбиелік тұрғыдан ықпал ете бермейді. Мұнда, жазаның тиімсіздігі қылмыстық, қылмыстық-атқару заңдарының кемелсіздігімен, соттардың жаза түрі мен мерзімін таңдау кезіндегі қателіктерімен түсіндіріледі. Осындай жағдайларда сотталушыға жазаны қолдану аясын кеңейтіп, қылмысы үшін жауапкершілігін арттырып емес, бірінші кезекте бас бостандығынан айыру орындарында қылмыстылықтың жоғарыда айтып кеткен себептерін зерттеу және оларды ескерту үшін тиімді шараларды табу қажет.

2014 жылғы қылмыстық атқару заңнамасының қабылдануымен пенитенциарлық жүйеде қарқында өзгерістер жасалынып, пробацациялық қызмет іске қосылды. Дүниежүзінде бұл институт түрлі бағытта қолданылады. Дегенмен де отандық заңнамаға сай, пробацация санаттары заңмен айқындалған адамдардың қылмыстық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу үшін олардың мінез-құлқын түзеуге бағытталған бақылау және әлеуметтік-құқықтық сипаттағы қызмет түрлері мен жеке айқындалатын шаралар жүйесі болып табылады [14].

Сол бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның тиімділігін арттыру мақсатында, сонымен қатар осы бағыттағы қылмыстық саясатты жүзеге асыру барысында мыналарды атқару маңызды болмақ: *біріншіден*, қолданыстағы қылмыстың заңды оның уақытқа сай екендігіне мониторинг жүргізу; *екіншіден*, қылмыстық заң қаншалықты тиімді қолданылады, оның қай нормалары тәжірибеді қолданылмайды немесе қолданылуы қиын; *үшіншіден*, өмірде жасалып жатқан барлық әрекеттер қылмыстық заңмен қамтылған ба, *төртіншіден*, қылмыстық заңның қайсыбір нормаларын тәжірибеде және көптеген басқа жағдайда қолдануда қиындықтар бар ма; *бесіншіден*, «түрме халқының» саны азайып жатыр ма; *алтыншыдан*, жазаны және көптеген өзгелерін қолданудан қандай да бір әлеуметтік салдар орын ала ма.

Г.Ф. Хохлаковтың ойынша, пенитенциарлық қылмыстылық бір жағынан әрі қайталанбалы не рецидивті қылмыстылыққа жатады. Рецидивті қылмыстылық - түзеу ісінде қоғамның әлсіздігінің көрінісі болып табылады. Ескерту тиімділігін арттыру үшін, қылмыстылық себептерін білу керек. [8,295 б.].

«Рецидив» ұғымы латынның *recidivus* сөзінен шыққан, аудармада құбылыстың айқын жойылған соң қайтадан қайталануын білдіреді. Қылмыстардың қайталануы жиынтығымен және қылмыстық іс-әрекетке қайта баруымен ерекшеленеді, өйткені жаңа қылмыс алдыңғы қылмысы үшін заңда көзделген шаралар қабылданған соң жасалады.

Рецидивті қылмыстылықтың қоғамдық қауіптілігінің артуы оның тұрақтылығы сияқты қылмыстың сапасын білдіреді, бұл бірқатар адамдардың қоғамда қабылданған

нормаларға сәйкес әрекет еткісі келмейтінін, оларға қатысты қабылданған шараларға қарамастан, олардың өз проблемаларын шешудің қылмыстық нұсқаларын таңдағанын көрсетеді. Ол сондай-ақ қылмыс жасаған адамдарға тиімді әсер ете алмайтын құқық қорғау жүйесінің жетілмегендігінің, жаза әсерінің әлсіздігінің, сотталғандарды түзеу мақсаттарына жетпейтіндігінің көрінісі. Сонымен қатар, рецидивистер – адамгершілік-құқықтық тұрғыдан немқұрайлы, тәрбиелік әсері қиын, қылмыстың сапалық сипаттамаларына айтарлықтай теріс әсер ететін, оның ауырлық дәрежесін, әлеуметтік қауіптілігін, ұйымдасуы мен кәсібилігін арттыратын адамдар болып табылады. Олар өздерінің қоғамға қарсы көзқарастары мен мінез-құлық нормаларын ұстанады, қылмыстық субмәдениетті насихаттайды, осылайша моральдық тұрақсыз адамдарға, әсіресе жастар ортасынан шыққан адамдарға зиянды әсерін тигізеді, оларды қылмыстық әрекетке тартады.

Пенитенциарлық қылмыстылық профилактикасының деңгейі көбінесе Қазақстан Республикасы қылмыстық-атқару жүйесі бөлімшелерінің қызметіне бағынысты және жоспарланған іс-шаралармен, оларды жүзеге асыру сапасымен анықталады.

Жоспарланған шаралардың пәрменділігін арттыру - пенитенциарлық қылмыстылықтың профилактикасын ұйымдастыруды жақсартудың маңызды шарттарының бірі. Пенитенциарлық қылмыстылық профилактикасы шараларының тиімділігі деп жалпы алғанда еңбек пен материалдық ресурстарды аз шығындай отырып, талап етілген көрсеткіштерге жету үшін күштер мен құралдарды ұтымды пайдалануды түсінеміз.

Пенитенциарлық қылмыстылық профилактикасының сәттілігі оған әсер ету уақытына ғана емес, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемелері мен органдарының жұмыстарының мазмұнына да байланысты. Сондықтан, пенитенциарлық қылмыстылықтың алдын алу шараларын жоспарлаған кезде, оны біртіндеп, кезең-кезеңмен қысқарту жөнінде міндет қою керек. Ал жоспарланған шаралардың пәрменділігі, жоспарлаған кезде қойылған мақсатқа аз шығынмен жеткен жағдайда орындалады.

Пенитенциарлық қылмыстылықтың алдын алу деңгейі көбінесе жоспарланған іс-шаралармен анықталады. Жоспарланған іс-шаралардың тиімділігін арттыру пенитенциарлық қылмыстылықтың алдын алуды ұйымдастыруды жақсартудың маңызды шарттарының бірі болып табылады.

Пенитенциарлық қылмыстылықтың алдын алудың тамаша нәтижесі оны толық жою болып табылады. Сонымен бірге, ағымдағы және перспективалық жоспарлардағы іс-шараларды жасау кезінде мұндай міндет қоюға ертерек, кем дегенде бұл үдерісті тұрақтандыру және оны біртіндеп азайту туралы айту қажет. Бұл жұмыстың негізіне қылмыстық-атқару заңнамасынан туындайтын – сотталған адамның жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету сияқты, әсіресе бас бостандығынан айыру сияқты жаза түрі туралы сөз болған жағдайда мақсат етіп қойылуы тиіс.

Пенитенциарлық қылмыстылықты ұтымды алдын-алу шарасы уақытқа, сонымен қатар қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері мен органдарының жұмыс мазмұнына байланысты. Сондықтан пенитенциарлық қылмыстылықтың алдын алу жөніндегі іс-шараларды жоспарлау кезінде оны біртіндеп, кезең-кезеңімен қысқарту міндеттерін қою керек. Егер жоспарлау кезінде қойылған мақсаттарға аз шығын жұмсалса, жоспарланған іс-шаралардың тиімділігіне қол жеткізіледі.

Қорыта келе келесідей тұжырымдар жасалынады:

Қазіргі кезеңде пенитенциарлық мекемелер әкімшілігінің заңды орындауын тиісті деңгейде қадағалануын қамтамасыз ету қажет.

Қылмыстық атқару орындарындағы ішкі жағдай заңға сай реттелу маңызды. Бұл сотталғандардың жеке қауіпсіздігіне және болашақта криминализациялануына жол берілмеуі тиіс.

Қылмыстық атқару мекеме қызметкерлерінің кәсібилігін дамыту жазаның орындалу мақсатына қолжеткізуге зор ықпал ете алар еді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Романов А.Н. Насильственная преступность в местах лишения свободы как одна из наиболее актуальных проблем современной пенитенциарной системы // Молодой ученый. - 2020. - № 49 (339). - С. 301-303. - URL: <https://moluch.ru/archive/339/75891/> (дата обращения: 24.01.2023).
2. Джансараева Р.Е. Проблемы борьбы с преступностью в исправительных учреждениях: монография. – Алматы: Экономика, 2006. – 187 с.
3. Балтабаев К.Ж. Исполнение наказаний: Законодательство Республики Казахстан и международные нормы. – Алматы, 1999. – 224 с.
4. Горяинов К.К. Оперативно-розыскное обеспечение противодействия пенитенциарной преступности // Вестник Владимирского юридического института. 2010. №2(15)// <https://cyberleninka.ru/article/n/operativno-rozysknaya-deyatelnost-v-obespechenii-penitentsiarnoy-bezopasnosti>
5. Гайдай М.К. Пенитенциарная преступность: цифры и факты // Сибирский юридический вестник. – 2013. №4// <https://cyberleninka.ru/article/n/penitentsiarnaya-prestupnost-tsifry-i-fakty>
6. Криминология: Учеб. пособие /О.В. Старков. - Москва: Экзамен, 2004. - 478 с.
7. Михайленко П.П., Гельфанд И.А. Предупреждение преступлений – основа борьбы за искоренение преступности.- М., 1964. – 203 с.
8. Хохряков Г. Ф. Криминология: учебник / Г.Ф. Хохряков. отв. ред. В.Н. Кудрявцев. - М.: Юристъ, 1999. - 511 с.
9. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі. Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 3 шілдедегі № 226-V ҚРЗ. (ҚР 03.01.2023 № 186-VII өзгерістер мен толықтырулармен)// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000226>
10. Кунин Н.В. Криминологическая характеристика пенитенциарной преступности// URI: <http://dspace.susu.ru/handle/0001.74/18545>
11. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы № 858 Жалығымен бекітілген «Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы// https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858_.
12. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Жаңа онжылдық – жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері. 2010 жылғы 29 қаңтар// https://www.akorda.kz/kz/addresses/addresses_of_president/kazakstan-respublikasynyn-prezidenti-n-a-nazarbaevty-n-khalykka-zholdauy-2010-zh_1341123470
13. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы №674 Жарлығы// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/U2100000674>
14. Пробация туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 38-VI ҚРЗ// <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1600000038>

ИСКУССТВЕННЫЙ ИНТЕЛЛЕКТ В МЕДИЦИНЕ И УГОЛОВНОЕ ПРАВО

Рустемова Г.Р., д.ю.н., профессор, научный сотрудник НИЦ Алматинской академии МВД Республики Казахстан имени Макана Есбулатова, г. Алматы

Стратегический план развития Республики Казахстан до 2025 года [1] указал на внедрение искусственного интеллекта в систему здравоохранения в рамках цифровизации этой системы, в целях более эффективного предоставления медицинских услуг населению и улучшения здоровья нации.